

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы ядролық энергияны бейбіт пайдалану саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 13 шілде N 420-І

Вашингтонда 1997 жылғы 18 қарашада жасалған Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы ядролық энергияны бейбіт пайдалану саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы
ядролық энергияны бейбіт пайдалану саласындағы ынтымақтастық
туралы келісім

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары:

ядролық қаруды кең ауқымда таратпау жөніндегі шараларды нығайтуға
өзінің қолдауын тағы да растай отырып;

Қазақстан Республикасы да, сондай-ақ Америка Құрама Штаттары да
қатысушылары болып табылатын Ядролық қаруды таратпау жөніндегі шарттан ("ЯҚТШ") туындайтын өздерінің тиісті міндеттемелерін назарға ала отырып;

екі Тараптың арасында және басқа мемлекеттермен ЯҚТШ ережелерін жалпыға
ортақ сақтауды көтермелеуге және Кіріспенің мақсаттары мен осы Шарттың барлық
ережелерін толық жүзеге асыруға бағытталған тығыз өзара іс-қимылды жүзеге асыруға
деген өзінің ниетін тағы да растай отырып;

ядролық энергияны халықаралық даму мен бейбіт мақсаттарда пайдалану ЯҚТШ
мақсаттарына қол жеткізуге ең жоғары дәрежеде қызмет ететін болатын
уағдаластықтарға сәйкес жүруіне қол жеткізуге деген өзінің бекемдігін білдіре отырып;

Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің ("МАГАТЭ") мақсаттарын өзінің қолдайтындығын растай отырып;

МАГАТЭ кепілдіктері жүйесінің таратпаудың тиімді режимін қолдауда орын айырбастамайтын рөл ойнайтындығын мойындай отырып;

Тараптардың әрбірінің заңдық құқығындағы объектілерді инспекциялауға қатысты Агенттікке кепілдіктерді тиімді және нәтижелі қолдану және мақсаттарға қол жеткізу мүмкіндігін беру үшін қажетті қадамдар жасауға әзірлікті қоса алғанда, МАГАТЭ кепілдіктерін нығайтуға өзінің шешімділігін білдіре отырып;

халықаралық стандарттарға сәйкес ядролық материалды тиімді есепке алуды, бақылауды және физикалық қорғауды қамтамасыз етудің маңыздылығын мойындай отырып;

ядролық энергияны бейбіт пайдалануды дамыту, пайдалану және бақылау жасау саласындағы ынтымақтастықты тілей отырып; және

ядролық энергияны бейбіт пайдалану жөніндегі қызметтің ғаламдық қоршаған ортаны радиоактивтік, химиялық және термальды ластаудан қорғау мүддесінде қолданылуға тиіс екендігін назарға ала отырып;

төмендегі жөнінде келісті:

1-бап. Анықтамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

а) "Қосалқы материал" арнайы ядролық материалды өндіру немесе пайдалану процесінің барысында өндірілген немесе процеске байланысты әсердің нәтижесінде өндірілген немесе радиоактивті болған кез келген радиоактивті материалды (арнайы ядролық материалдан басқа) білдіреді;

ә) "Компонент" Тараптардың келісімі бойынша оған осындай анықтама берілген жабдықтың компонентін немесе өзге затты білдіреді;

б) "Жаңғырту" уран бір химиялық нысаннан басқасына жаңғыртылуы арқылы, мысалы, UF₆-дан UO₂-ге немесе уран тотығынан металға байытылудан басқа, отын өндіру жүретін ядролық отын цикліндегі қалыпты операциялардың кез келгенін білдіреді;

в) "Пайдаланудан шығару" объектінің қызмет ету мерзімінің аяғында қолданылған және объектіні бұл ретте пайдаланудан шығаруды жүзеге асыратын жұмысшылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін, және тұтастай алғанда халықты, сондай-ақ қоршаған ортаны тиісті түрде қорғау қамтамасыз етілетіндей етіп пайдаланылуын тоқтатуға бағытталған шараларды білдіреді. Бұл шараларға объектіні жабу және техникалық қызмет көрсету мен байқау жалғастырылатын ядролық материалды, оны шексіз пайдалану мен орналасқан орнынан қабылданымды деңгейден асатын қалдықты радиоактивті толық кетіргенге дейін ең төменгі кетіру;

г) "Жабдық" негізінен плутоний немесе уран-233, не Тараптардың келісуі бойынша осындай анықтама алған кез келген өнімді өндіру үшін құрастырылған немесе пайдаланылған реактордан басқа, кез келген реакторды білдіреді;

д) "Жоғары байытылған уран" онда байытылуы кезінде 235 изотопы 20 процентке жететін немесе одан да асатын уранды білдіреді;

е) "Төмен байытылған уран" онда байытылуы кезінде 235 изотопы 20 процентке жететін немесе одан да асатын уранды білдіреді;

ж) "Сындық маңызды компонент" сезімтал ядролық объектінің жұмыс істеуі үшін қажет кез келген компонентті немесе компоненттер тобын білдіреді;

з) "Материал" негізгі материалды, арнайы ядролық материалды, қосалқы материалды, радиоизотоптарды білдіреді, бұған Тараптардың келісуі бойынша осындай анықтама алған қосалқы материал, материал-бәсеңдетуші, немесе кез келген басқа осы секілді зат кірмейді;

и) "Материал-бәсеңдетуші" жоғары жылдамдықтағы нейтрондарды бәсеңдету және одан әрі бөлшектену ықтималдылығын өсіру үшін реакторда пайдалануға жарамды ететін тазалықтағы ауыр суды не графитті, не бирилийді, немесе Тараптардың келісуі бойынша осындай айқындама алған осы секілді кез келген материалды білдіреді;

й) "Тараптар" Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметін білдіреді;

к) "Бейбіт мақсаттарға" ғылыми зерттеулер, энергия өндіру, медицина, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп секілді салаларда ақпаратты, материалды, жабдықты және компоненттерді пайдалану кіреді, бірақ бұған зерттеулер немесе кез келген ядролық жарылыс қондырғысын жасау мақсатында немесе кез келген әскери мақсатта оларды кез келген ядролық жарылыс қондырғысында пайдалану кірмейді;

л) "Тұлға" Тараптардың бірінің заңдық құқығы қолданылатын кез келген жеке немесе заңды тұлғаны білдіреді, бірақ бұған осы Келісімнің қатысушылары кірмейді;

м) "Реактор" уранды, плутонийді, торийді немесе олардың кез келген қосылысын пайдалану арқылы өзін-өзі қолдайтын тізбекті бөлшектену реакциясы жүзеге асырылатын, ядролық қару немесе өзге ядролық жарылыс қондырғысынан басқа, кез келген құрылғыны білдіреді;

н) "Жабық деректер" 1) ядролық қаруды құрастыруға, өндіруге немесе пайдалануға, 2) арнайы ядролық материалды өндіруге немесе 3) энергияны өндіру кезінде арнайы ядролық материалды пайдалануға қатысты кез келген деректі білдіреді, бірақ оған Тараптардың бірінің иелігінде бар, оны бұл Тарап "жабық дерек" санатынан шығарған немесе құпиялылығын ашқан ақпарат кірмейді;

о) "Сезімтал ядролық объект" негізінен уранды байыту, ядролық отынды өңдеу, ауыр суды өндіру немесе плутонийі бар ядролық отынға арналған немесе пайдаланылатын кез келген объектіні білдіреді;

п) "Сезімтал ядролық технология" жариялылық игілігі болып табылмайтын және

кез келген сезімтал ядролық объектіні құрастырудың, әзірлеудің, өндірудің, пайдаланудың немесе техникалық қызмет көрсетудің өзекті элементі болып табылатын кез келген ақпаратты (жабдық немесе маңызды компонент болып табылатын ақпаратты қоса алғанда), не Тараптардың келісуі бойынша осындай айқындама алуы мүмкін өзіне осындай ақпаратты білдіреді;

р) "Негізгі материал" мыналарды білдіреді: 1) уран, торий немесе Тараптардың келісуі бойынша осындай айқындама алған кез келген басқа материал немесе 2) Тараптар олар туралы уақыт өте келе уағдаластыққа қол жеткізетін осындай шоғырлардағы жоғарыда аталған материалдардың бірі немесе одан да көбі болатын рудалар;

с) "Арнайы ядролық материал" мынаны білдіреді: 1) плутоний, уран 233 немесе 235 изотобымен байытылған уран немесе Тараптардың келісуі бойынша осындай айқындама алған кез келген басқа материал.

2-бап. Ынтымақтастықтың қамту аясы

1. Тараптар осы Келісімнің және өздері қатысушылары болып табылатын осындай жағдайда қолданылатын шарттарды, сондай-ақ ұлттық заңдардың, нормативтік қағидалардың және лицензиялық талаптардың ережелеріне сәйкес ядролық энергияны бейбіт мақсатта пайдалану саласында ынтымақтасады.

2. Осы Келісімге сәйкес ақпаратты, материалды, жабдықты және компоненттерді беру Тараптардың арасында тікелей немесе уәкілеттік берілген тұлғалар арқылы жүзеге асырыла алады; Мұндай беруді жүзеге асыру осы Келісімнің ережелеріне сәйкес, сондай-ақ Тараптар келісуі мүмкін қосымша жағдайларда жүргізіледі.

3-бап. Ақпаратты беру

1. Ядролық энергияны бейбіт мақсатта пайдалануға қатысты ақпарат беру нысанасы болуы мүмкін. Ақпаратты беру, есептер құрастыру, деректер банкі мен компьютерлік бағдарламалар жасау, конференциялар мен сапарларды ұйымдастыру, сондай-ақ объектілерге қызметкерлерді іссапарға жіберуді қоса алғанда, түрлі әдістермен жүзеге асырыла алады. Ынтымақтастық саласына мыналар кіреді, бірақ мұнымен шектелмейді :

а) Реакторларды әзірлеу, құрастыру, құрылысын салу, іске қосу, техникалық қызмет көрсету және пайдалану, сондай-ақ реакторлардағы эксперименттер және оларды пайдалануды шығару;

б) Материалды физикалық және биологиялық зерттеулерді, медицинада, ауыл шаруашылығында және өнеркәсіпте пайдалану;

в) Отын циклін ядролық отынмен орнықты жабдықтады және ядролық қалдықтарды

басқарудың тиісті әдістемесін қамтамасыз етуге көп тарапты ыңғайларды қоса алғанда, азаматтық халықты ядролық энергиямен жабдықтау саласында болашақтағы бейбіт мұқтаждықтарды қанағаттандыру жолдарын зерделеу үшін пайдалану;

г) Кепілдіктер мен материалдарды, жабдық пен компоненттерді физикалық қорғау;

д) Жоғарыда аталғанға байланысты денсаулықты қорғау, қауіпсіздік пен қоршаған ортаның қорғалуын қамтамасыз ету аспектілері; және

е) Энергетика жөніндегі ұлттық жоспарлардағы ядролық энергияның ойнауы мүмкін рөлін бағалау.

2. Осы Келісім Тараптардың өздері қатысушылары болып табылатын тиісті шарттардың, сондай-ақ олардың ұлттық заңдары мен нормативтік қағидаларының жағдайлары бойынша беруге рұқсат етілмейтін қандай да болмасын кез келген ақпаратты беруін талап етпейді.

3. Осы Келісім үшінші тараптарға жабық ақпаратты беруге жол бермейді.

4. Осы Келісім сезімтал ядролық технологияны, егер бұл тек осы Келісімге түзету енгізу жолымен ескертілмейтін болса, оны беруге жол бермейді.

4-бап. Материалды, жабдықты және компоненттерді беру

1. Материал, жабдық және компоненттер осы Келісімге қайшы келмейтін мақсаттарға пайдалану үшін берілуі мүмкін. Қазақстан Республикасына осы Келісімге сәйкес берілген кез келген арнайы ядролық материал 4-тармақта көзделген жағдайлардан басқа ретте, төмен байытылған уран болады. Осы Келісім егер бұл осы Келісімге түзету енгізу жолымен ескертілмейтін болса, сезімтал ядролық объектілер мен мұндай объектілердің сындық маңызды компоненттерін беруге жол бермейді.

2. Төмен байытылған уран реакторлық эксперименттерде және жаңғыртылуы үшін реакторларда немесе Тараптардың арасында келісілуі мүмкін өзге мақсаттар үшін отын ретінде пайдаланылуға беріле алады.

3. Осы Келісімге сәйкес берілетін арнайы ядролық материалдың саны Тараптар өздерінің арасында келісуі бойынша, мынадай міндеттердің: реакторлық эксперименттерде пайдалану немесе реакторларға жүктеме жасаудың; мұндай реакторлық эксперименттерді немесе реакторларды пайдалануды тиімді және үздіксіз жүргізудің; және Тараптардың арасында келісілген басқа міндеттердің кез келгенін орындау үшін қажет деп санайтын саннан ешқашан да аспауы тиіс.

4. Арнайы ядролық материалдың аз саны үлгілер, эталондар, детекторлар, нысаналар ретінде пайдалану үшін, және Тараптардың арасында келісілген басқа міндеттерді орындау үшін берілуі мүмкін. Осы тармаққа сәйкес беруді жүзеге асыруға 3-тармақта көзделген сандық шектеулерге қолданылмайды.

5-бап. Сақтау және қайталама беру

1. Егер осы Келісімге сәйкес берілетін немесе осындай түрде берілетін материалда немесе жабдықта пайдаланылатын, немесе оларды қолдана отырып плутоний, уран 233 және жоғары байытылған уран сәулеленген ядролық отында болмаса, онда олар Тараптардың арасында келісілген сақтау орындарында сақталады.

2. Осы Келісімге сәйкес берілетін материал, жабдық пен компоненттер және кез келген осындай материалды немесе жабдықты қолдана отырып өндірілген кез келген арнайы ядролық материал бұған Тараптардың келісімі болған жағдайларды қоспағанда, оларды алуға өкілеттіктері жоқ тұлғаларға, немесе алушы Тараптың заңдық құқығындағы аумақтық шектерден тысқары әкетуге берілмейді.

6-бап. Қайта өңдеу және байыту

1. Осы Келісімге сәйкес берілетін материал және осындай түрде берілетін материалда немесе жабдықта пайдаланылатын материал немесе осындай материалды немесе жабдықты қолдана отырып өндірілген материал Тараптардың келісімінсіз өңдеуге жатпайды.

2. Осы Келісімге сәйкес берілетін немесе осындай түрде берілетін материалда немесе жабдықта пайдаланылатын, немесе осындай материалды немесе жабдықты қолдана отырып өндірілген плутоний, уран 233, жоғары байытылған уран немесе сәулеленген негізгі немесе арнайы ядролық материал бұған Тараптардың келісімі болған жағдайларды қоспағанда, сәулелену немесе одан әрі сәулеленуден басқа, олардың нысаны немесе болуын қозғайтын түрлендіруге жатпайды.

3. Осы Келісімге сәйкес берілетін немесе осындай түрде берілетін кез келген жабдықта пайдаланылатын уран бұған Тараптардың келісімі болған жағдайларды қоспағанда, берілгеннен кейін байытылуға жатпайды.

7-бап. Физикалық қорғау

1. Осы Келісімге сәйкес берілетін негізгі немесе арнайы ядролық материал мен жабдыққа пайдаланылатын, немесе осындай материалды немесе жабдықты қолдана отырып өндірілген арнайы ядролық материалға қатысты тиісті түрдегі физикалық қорғау қамтамасыз етіледі.

2. Тараптар осы Келісімге Қосымшада жазылған физикалық қорғаудың деңгейлеріне қатысты келіседі, олар осы Келісімге түзетулер енгізусіз Тараптардың өзара келісуі бойынша өзгертілуі мүмкін. Тараптар осы деңгейлерге сәйкес тиісті түрдегі физикалық қорғау шараларын қолданады. Бұл шаралар ең аз дегенде INFCIRC I /225 МАГАТЭ құжатының қолданылып жүрген нұсқасымен Тараптардың арасында келісіліп ұсынылатын қорғауға салыстырмалы қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Осы бапқа сәйкес қолданылатын физикалық қорғау шараларының бірдейлігі Тараптардың кез келгені физикалық тиісті қорғауды қамтамасыз ету үшін қабылданатын шараларды қайта қараудың қажеттілігі туындауы мүмкін деп санаған жағдайларда жүргізіледі.

4. Тараптар бір-біріне өздерінің аумағындағы немесе өздерінің заңдық құқығындағы немесе бақылауындағы шектерде ядролық материалды физикалық қорғаудың тиісті түрде сақталуын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікте болатын, сондай-ақ осы Бап қолданылатын материалды рұқсатсыз пайдалану немесе жұмыс істеу жағдайында оның зардаптарын жою және қалпына келтіру жөніндегі операцияларды үйлестіруде жауапты болатын агенттіктер немесе ведомстволар туралы дипломатиялық арналар арқылы хабарлайтын болады. Тараптар сондай-ақ бір-бірін дипломатиялық арналар бойынша аумақтық шекараларынан тысқары ядролық материалды көшіру мәселелері бойынша өзара мүддені білдіретін басқа да мәселелер бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатында байланыстар жасау үшін жауаптылар ретінде тағайындалған өздерінің ұлттық агенттіктерінің қызметкерлері туралы хабарландырады.

5. Осы Баптың ережелері Тараптардың қызметіне ядролық салада орынсыз араласуды болдырмау және олардың ядролық бағдарламаларын экономикалық және қауіпсіз жүзеге асыруға қажетті ұтымды әкімшілік-шаруашылықтық басқару әдістеріне сәйкес қамтамасыз етілетіндей түрде жүзеге асырылады.

8-бап. Жарылыс құрылғыларында немесе әскери мақсаттарда қолданбау

Осы Келісімге сәйкес берілетін материал, жабдық немесе компоненттер, және осындай түрде берілетін кез келген материалда, жабдықта немесе компоненттерде пайдаланылатын, немесе осындай материалды, жабдықты немесе компоненттерді қолдана отырып өндірілген материал кез келген ядролық жарылыс құрылғысын зерттеу немесе игеру мақсатында немесе кез келген әскери мақсаттарда кез келген ядролық жарылыс қондырғысында пайдалануға жатпайды.

9-бап. Кепілдіктер

1. Осы Келісімнің шеңберлеріндегі ынтымақтастық Қазақстан Республикасы аумағының кез келген жерінде, оның заңдық құқығымен немесе оның бақылауымен жүзеге асырылатын ядролық саладағы барлық қызметке қатысты МАГАТЭ-нің кепілдіктерін қолдануды талап етеді. ЯҚТШ III (4) Бабына сәйкес Кепілдіктер туралы келісімді жүзеге асыру осы талапты қанағаттандыру ретінде қаралады.

2. Осы Келісімге сәйкес Қазақстан Республикасына берілетін негізгі немесе арнайы ядролық материал, және осындай түрде берілетін материалда, жабдықта немесе компоненттерде пайдаланылатын, және осындай материалдарды, жабдықтарды және

компоненттерді пайдалана отырып өндірілген кез келген негізгі немесе арнайы ядролық материал Қазақстан мен МАГАТЭ-нің арасындағы ЯҚТШ байланысты кепілдіктерді қолдануға қатысты 1994 жылғы 26 шілдеде қол қойылған және 1995 жылғы 19 маусымда күшіне енген Келісімге сәйкес кепілдіктер беру туралы талаптарға жатады.

3. Осы Келісімге сәйкес Америка Құрама Штаттарына берілетін негізгі немесе арнайы ядролық материал, және осындай түрде берілетін материалда, жабдықта немесе компоненттерде пайдаланылатын, және осындай материалдарды, жабдықтарды және компоненттерді пайдалана отырып өндірілген кез келген бастапқы немесе арнайы ядролық материал 1977 жылдың 18 қарашасында Венада жасалған және 1980 жылы 9 желтоқсанда күшіне енген.

10-бап. Бірнеше жеткізуші болған жағдайда ядролық материалдарға бақылау жасау

Егер Тараптардың бірінің басқа мемлекетпен немесе мемлекеттер тобымен арасындағы кез келген Келісім мұндай басқа мемлекетке немесе мемлекеттер тобына осы Келісімнің қолданылуына жататын материалға, жабдыққа немесе компоненттерге қатысты 5 немесе 6-Баптарда көзделген бәріне немесе кез келген құқықтарға балама құқықтарды береді, Тараптар олардың бірінің сұрау салуы бойынша кез келген мұндай құқықтарды жүзеге асыруды осындай басқа мемлекет немесе мемлекеттер тобы жүзеге асыратындай етіп уағдаласа алады.

11-бап. Ынтымақтастықты тоқтату

1. Егер осы Келісім күшіне енген соң кез келген уақытта Тараптардың бірі:

А) 5, 6, 7, 8 немесе 9-баптардың ережелерін сақтамаған; немесе

В) МАГАТЭ-мен Кепілдіктер туралы келісімнің қолданысын тоқтатқан, жойған немесе елеулі түрде бұзған жағдайда, басқа Тарап осы Келісімнің шеңберіндегі одан әрі ынтымақтастықты тоқтатуға және осы Келісімге сәйкес берілген кез келген материалды, жабдық пен компоненттерді және оларды қолдана отырып өндірілген кез келген арнайы ядролық материалды қайтаруды талап етуге құқығы бар.

2. Егер осы Келісім күшіне енген соң кез келген уақытта Қазақстан Республикасының ядролық жарылыс құрылғысын детонациялау ниеті болған жағдайда, Америка Құрама Штаттары 1-тармақпен көзделген осыған ұқсас құқықтарға ие болады.

Егер осы Келісім күшіне енген соң кез келген уақытта Америка Құрама Штаттары осы Келісімге сәйкес берілген ядролық материалдарды немесе ядролық материалды қолдана отырып өндірілген не болмаса осылайша берілген құрал-жабдықты пайдалана

отырып ядролық жарылыс құрылғысын детонациялау ниеті болған жағдайда Қазақстан Республикасы 1-тармақпен көзделген осыған ұқсас құқықтарға ие болады.

3. Егер Тараптардың бірі осы Бапта көзделген кез келген материалды, жабдық пен компоненттерді қайтып алу құқығын жүзеге асырған жағдайда, онда басқа Тараптың аумағынан мұндай материал, жабдық немесе компоненттер келтірілген соң, ол басқа Тарапқа олардың ағымдағы нарықтың құнының есебінен өтем жасайды. Америка Құрама Штаттарында кепілдіктерді қолдануға қатысты Америка Құрама Штаттары мен МАГАТЭ-нің арасындағы Келісімнің қолданылуына жатады.

4. Егер Тараптардың біріне Келісімге сәйкес, 2-тармақта немесе 3-тармақта көзделгеніндей МАГАТЭ әлдебір себеп бойынша кепілдіктерді қолданбағаны немесе қолданбайтыны туралы куәландыратын жағдаяттар белгілі болса, онда кепілдіктерді қолданудың тиімділігі мен жүйелілігін қамтамасыз ету мақсатында Тараптар консультациялар өткізеді және дереу МАГАТЭ-мен немесе өздерінің арасында: МАГАТЭ-нің кепілдіктерін берудің принциптері мен рәсімдеріне сәйкес келетін; олар ауыстыратын жүйе қамтамасыз етуі тиіс балама сенімділікті қамтамасыз ететін; және 2 немесе 3-тармақтардың ережелері талап ететін қамту аясына сай келетін уағдаластықтарды жасайды.

5. Тараптардың әрбірі осы Бапта көзделген кепілдіктерді қолдануға қолдау көрсету және жәрдемдесу үшін қажетті шараларды қабылдайды.

6. Тараптардың әрбірі осы Келісімге сәйкес берілетін негізгі - және арнайы ядролық материалды, осындай түрде берілетін кез келген материалда, жабдықта немесе компоненттерде пайдаланылатын, немесе осындай түрде берілетін кез келген материалды, жабдықты немесе компоненттерді қолдана отырып өндірілген бастапқы және арнайы ядролық материалды есепке алу және бақылау жүйесін құрады және оны жүргізеді. Бұл жүйедегі қолданылатын рәсімдер МАГАТЭ-нің INFCIRC/153 құжатында (түзетілген нұсқасы) баяндалған немесе Тараптармен келісілген осы құжаттың кез келген қайта қаралған нұсқасындағы рәсімдермен салыстырмалы болуы тиіс.

7. Тараптардың бірінің сұрау салуы бойынша басқа Тарап осы Келісімнің қолданылуына жататын сұралатын Тараптағы барлық материалдардың мәртебесі туралы сұраушы Тарапқа хабарлайды немесе МАГАТЭ оған хабарлау туралы рұқсат береді.

8. Осы Баптың ережелері мұнда Тараптың ядролық саладағы қызметіне кедергілер, кідіртулер жасамау немесе орынсыз араласуын болдырмауын және олардың ядролық бағдарламаларын экономикалық және қауіпсіз жүзеге асыруға қажетті әкімшілік-шаруашылық басқарудың ұтымды әдістерімен сәйкестігін қамтамасыз ететіндей түрде жүзеге асырылады.

1. Тараптар Тараптардың бірінің сұрау салуымен осы Келісімді жүзеге асыру және ядролық энергияны бейбіт пайдалану саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері бойынша консультациялар жүргізуге міндеттенеді.

2. Тараптар осы Келісімнің шеңберіндегі қызметке қатысты, осындай қызметтің халықаралық экологиялық зардаптарын анықтауға бағытталған консультациялар жүргізеді және қоршаған ортаны осы Келісімнің шеңберінде ядролық саладағы бейбіт қызметтің салдарынан туындайтын радиоактивті, химиялық немесе термальды ластанудан халықаралық ауқымда қорғау саласында ынтымақтасады, сондай-ақ денсаулықты қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аралас саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асырады.

13-бап. Дауларды реттеу

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе жүзеге асыру мәселелері бойынша кез келген дау осы дауды реттеу мақсатында Тараптардың дереу жүргізілетін келіссөздерінің нысанасы болады.

14-бап. Күшіне енуі және қолданылу мерзімі

1. Осы Келісім Тараптар осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті барлық ұлттық талаптардың орындалуы туралы хабарламамен дипломатиялық ноталармен алмасқан күні күшіне енеді.

2. Осы Келісім 30 жыл бойы күшінде болады. Бұл мерзім Тараптардың Келісімі бойынша және олардың қоятын тиісті талаптарына сәйкес ұзақтығы белгіленетін қосымша уақыт кезеңіне ұзартылуы мүмкін. Келісімнің қолданылуы Тараптардың бірінің кез келген уақытта басқа тарапқа Келісімнің қолданылуы Тараптардың бірінің кез келген уақытта басқа тарапқа Келісімнің көзделген тоқтатылуына дейін бір жыл бұрын жазбаша хабарлама беруі бойынша тоқтатылуы мүмкін.

3. Осы Келісімнің қолданылуының тоқтатылуына немесе мерзімнің өтуіне немесе қандай да болмасын себеп бойынша осы Келісімнің шеңберіндегі ынтымақтастықтың кез келген тоқтатылуына қарамастан 5, 6, 7, 8, 9 және 11-баптар осы Баптардың қолданылуының күші жүретін кез келген материал, жабдық немесе компоненттер әзірге тиісті Тарап мемлекетінің аумағында немесе оның заңдық құқығына немесе бақылауына жататын кез келген нүктеде қалғанға дейін немесе Тараптардың арасында әзірге кепілдіктер аясына жататын ядролық саладағы кез келген қызмет үшін мұндай материал, жабдық немесе компоненттер жарамдылығын жоғалтқаны туралы келісімге қол жеткізілгенге дейін күшінде болады.

Вашингтон қаласында, Колумбия округі, 1997 жылғы "18" қарашада екі дана болып, әрқайсысы қазақ және ағылшын тілдерінде жасалды және барлық мәтін бірдей күшке ие.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер болған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасы
үшін

Америка Құрама
Штаттары
үшін

Қосымша

7-Баптың 2-тармағына сәйкес құзыретті ұлттық өкіметтер беріліп отырған кестеде көрсетілген материалдарды пайдалануға, сақтауға және тасымалдауға қатысты қамтамасыз етілетін физикалық қорғаудың келісілген деңгейлеріне мынадай ең төменгі қорғау өлшемдері кіреді:

III санат

Орындарды пайдалану және сақтау, оған қол жеткізу бақыланады.

Арнайы сақтандыру шараларын сақтай отырып, оның ішінде жіберуші Тараптың, алушы Тараптың және тасымалдаушының арасында алдын ала уағдаластық, сондай-ақ тиісінше беруші мемлекет пен алушы мемлекеттің заңдық құқығына және реттеуші нормативтерінің қолдануына жататын құрылымдардың арасында алдын ала келісім жасай отырып тасымалдау, мұның үстіне тасымалдау халықаралық сипатта болса, келісімде тасымалдау үшін жауапты берудің уақыты, орны және рәсімдері көрсетіледі.

II санат

Бақыланатын қорғалынған орынға қол жеткізуде пайдалану мен сақтау, яғни тиісті бақылаудағы кіру/шығу пункттерінің саны шектелген физикалық кедергілермен қоршалған күзет қызметкерінің немесе электронды қондырғылардың ұдайы байқауындағы орында немесе физикалық қорғаудың баламалы деңгейі қамтамасыз етілген орында пайдалану мен сақтау.

Арнайы сақтандыру шараларын сақтай отырып, оның ішінде жіберуші Тараптың, алушы Тараптың және тасымалдаушының арасында алдын ала уағдаластық, сондай-ақ тиісінше беруші мемлекет пен алушы мемлекеттің заңдық құқығына және реттеуші нормативтерінің қолдануына жататын құрылымдардың арасында алдын ала келісім жасай отырып тасымалдау, мұның үстіне тасымалдау халықаралық сипатта болса, келісімде тасымалдау үшін жауапты берудің уақыты, орны және рәсімдері көрсетіледі.

I санат

Осы санатқа жататын қорғау рұқсат етілмеген пайдалануды болдырмауға арналған жоғары сенімділік жүйелерінің көмегімен жүзеге асырылады және де бұл міндет мынадай түрде шешілетін болады:

Жоғары қорғалым дәрежесі бар орында, яғни жоғарыда аталған II санатқа жататын айқындауға сәйкес қорғалынатын орында пайдалану мен сақтау; бұдан басқа бұл орынға қол жеткізу қосымша шектеулермен байланыстырылады және сенімге лайықты деп танылған адамдарға ғана беріледі. Мұның үстіне бұл орын тиісті назар аудару күштерімен тікелей байланысты қолдайтын күзет қызметкерлерінің байқауында болады. Осы контексте қабылданатын нақты шаралардың мақсатында кез келген шабуылды, рұқсат етілмеген қол жеткізуді немесе материалды рұқсат етілмеген әкетуді табу мен болдырмау болуға тиіс.

Жоғарыда аталған осы секілді шаралардың II және III санаттарына қатысты материалдарды тасымалдау кезінде қолданылатын жоғарыда аталған шараларға ұқсас арнайы сақтандыру шараларын қолдана отырып тасымалдау, бұдан басқа тасымалдау ілесіп жүруші адамдардың тарапынан ұдайы бақылауында және тиісті назар аудару күштерімен тікелей байланысты қамтамасыз ететін жағдайында жүзеге асырады.

Келісілген жазба

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы ядролық энергияны бейбіт пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы бұл күндері қол қойылған Келісімді ("Келісім") жасау туралы келіссөздердің барысында Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын мынадай уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Келісімнің қамту аясы

Бір Тарап мемлекетінің аумағынан басқа Тарап мемлекетінің аумағына тікелей де, сондай-ақ үшінші ел арқылы көшірілетін материал, жабдық пен компоненттер Келісімге сәйкес алушы - Тараптың тиісті мемлекеттік органы беруші - Тараптың тиісті мемлекеттік органына мұндай материалға, жабдыққа, компоненттерге Келісімнің күші жүретіндігін растайтын болғанда ғана көшірілген болып саналады.

5 және 6-Баптарда көзделген Келісімге сәйкес берілетін және келісімге сәйкес берілген жабдықта пайдаланылмаған және мұндайды қолданып өндірілген арнайы ядролық материалды, қолдана отырып өндірілген арнайы ядролық материалға қатысты құқықтарды жүзеге асыру үшін мұндай құқықтар практикада осындай түрде пайдаланылатын материалдың жалпы санына арнайы ядролық материалды өндіруге пайдаланылған, берілетін материалдың ара қатынасын білдіретін өндірілген арнайы ядролық материалдың сайма-сайлығына қолданылады; бұл кейінгі толқындарына да жатады.

Кепілдіктер

Егер Тараптардың біріне егер 9-баптың 4-тармағында айтылған жағдаяттар белгілі болған жағдайда, оған мына төмендегі құқықтар беріледі, олар егер екі Тарап мұндай құқықтарды жүзеге асыруға деген сұраныс 9-баптың 4-тармағына сәйкес қол жеткізілген уағдаластықтардың шегінде МАГАТЭ-нің есебінен қанағаттандырылатындығы туралы келіскен жағдайда тоқтатыла тұрады.

1/ Келісімге сәйкес берілетін кез келген жабдықтың құрастырмасының жобасын немесе осындай түрде берілетін материалды пайдалану, өндіру, өңдеу немесе сақтау, немесе осындай материалдарды немесе жабдықты немесе оларды қолдана отырып өндірілген осындай материалдарда немесе жабдықта пайдаланылатын кез келген арнайы ядролық материалды дер кезінде қарауға арналған құқық;

2/ осы Келісімге сәйкес берілетін материалдың және осындай түрде берілген кез келген материалда, жабдықта немесе компоненттерде пайдаланылған немесе арнайы ядролық материалды есепке алуды қамтамасыз етуге жәрдемдесу мақсатында құжаттар мен тиісті есептерді жүргізуді және ұсынуды талап ету құқығы; және

3/ басқа Тараппен консультациялар негізінде 2-тармақта айтылған материал бойынша есептілік үшін, 1-тармақта айтылған кез келген жабдықты немесе объектіні инспекциялау үшін және осындай материал бойынша есептілік үшін қажет деп танылуы мүмкін кез келген құрылғыны орнату және кез келген тәуелсіз өлшемдерді жүргізу үшін қажет барлық орындар мен деректерге қол жеткізе алатын қызметкерді тағайындау құқығы. Тараптардың бірінің тиісті сұрау салуы бойынша мұндай қызметкер басқа Тарап тағайындаған қызметкермен қоса ілеседі.

Қазақстан Республикасы
үшін

Америка Құрама
Штаттары үшін

Оқығандар:

(Қасымбеков Б.А.)

(Нарбаев Е.Ә.)